

**Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарын Ұзынкөл ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1 шешімі. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 9 желтоқсанда № 9-19-166 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабының 2, 3-тармақтарына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарын "Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу 2012 жылдың қаңтар-наурызында ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) "Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірге (келісім бойынша) тіркеу жөніндегі іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) "Ұзынкөл ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірге ұсынылсын:

1) әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеуге нарядты оқу орындарына жеткізсін;

2) бұқаралық ақпараттық құрал арқылы жұмысты ұйымдастырсын, әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеу бойынша жұмыстың басталуы туралы хабарландыру берілсін;

3) әскери оқу орнына түсуге әскери кәсіптік бағытында болу мақсатымен тіркеу уақытында әрбір әскер жасына дейінгімен жеке әңгімелесу жүргізілсін.

4. Ұзынкөл ауданының селолық округтерінің, Ұзынкөл, Троебрат, Рязский селоларының әкімдері тіркеуге жататын, тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. "Қазақстан Республикасы ішкі істер Министірлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (

келісім бойынша) тіркеу жүргізу кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті  
қ а м т а м а с ы з е т у ұ с ы н ы л с ы н .

6. Осы шешімнің орындалуына бақылау Ұзынкөл ауданы әкімінің орынбасары Э.Қ.  
К ү з е н б а е в қ а жү к т е л с і н .

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі.

Ұ з ы н к ө л

ауданының әкімі

Т. Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы ішкі істер  
Министірлігі Қостанай облысының ішкі  
істер Департаменті Ұзынкөл ауданының  
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі,  
б а с т ы қ

\_\_\_\_\_ А. Елисеев

"Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының  
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі, бастық

\_\_\_\_\_ О. Оразалиев

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық  
сақтау басқармасының "Ұзынкөл  
аудандық орталық ауруханасы"  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорны, бас дәрігер

\_\_\_\_\_ Қ. Ержанов